

Л 2005  
6082 Кы




Таңатқан РСАЕВ

*ДАЛА*

**ДАУЫЛПАЗДАРЫ**

СК





2 ЭКЗ АБ  
1 ЭКЗ АКАД.  
ОТЫРАР КІТАПХА НАСЫПЫ



Таңатқан РСАЕВ

# ДАЛА ДАУЫЛПАЗДАРЫ

*тарихи очерктер,  
әдеби мақалалар,  
естеліктер*



Астана  
2004

821.572.122-94

ББК 84 Каз 7

Р 77 №82

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КИТАЛХАНАСЫ  
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КИТАЛХАНА**

55191

KK

Рсаев Т.

Р 77    **Дала дауылпаздары:** тарихи, очерктер, мақалалар. — Астана: Фолиант, 2004. — 192 б.

ISBN 9965-619-65-4

Қазақ баспасөзінде 40 жылдан астам еңбек еткен қаламгердің бүл жинағы оның әр жылдарда жазған тарихи очерктері мен әдеби зерттеу мақалаларын қамтиды. Өзі қызметтес болған, өмір жолында кездестірген асыл азаматтар туралы да ой толғайды.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

Р 4702250200 04  
00(05)-04

ББК 84 Каз 7

ISBN 9965-619-65-4

Бірінші бөлім

ЕГЕУЛ  
НАЙЗА ҚОЛҒА  
АЛЬП







## БАТЫР КҮРЕСІНІҢ БАСТАУЛАРЫ

Мен 1979 жылы батыр атамыздың өмірі мен азаматтық тұлғасына байланысты соңғы жиырма-жиырма бес жыл бойы (ғұмыр бойғы десем де болар еді, өйткені, сонау бала шағымнан бастап 1916 жылғы көтеріліс сардарының үзенгілес серіктеп болған әкелеріміз бен аталарымыздың қолдарына су құйып, аттарының тізгінін ұстап, әңгімелерін естіп өстім), жиған-терген материалдарымды қорытындылап көлемді зерттеу мақала жаздым да, Амангелді бейнесін аша тұсуге септігін тигізетін біраз жайтгарды өзімше жаңа қырынан топшылағандай болған соң, жұрт жүгінетін, салмақты пікір, сара тұжырымын айта алатын байсалды да байламды біреудің таразысына салып алу қажеттігін ескеріп, жаныма Имановтың бел баласы Шәріп ағамызды ертіп, академик-жазушы Габит Мұсіреповке бардым. Габен көнілді екен, бізді жылы шыраймен қарсы алыш, келген шаруамызды білген соң, кешікпей мақаланы оқуға кірістік...

— Шырағым, бір ғана нәрсені берік үстандар. Амангелдінің өз тұлғасы өзіне жетеді. Оны бояп, әсерлеп, әрлеудің, қолдан жасаудың қажеті жоқ, болмаған нәрсені болдыру да, істемеген ісін істету де артық. Оның да пәндеге тән артық-кемді қылыштары, мінездері болғанымен, халық басына қаралы күн туып, қасірет шалған шақта ерге тән қайрат танытып, қайыспай көтерген жүгі бір азаматқа жетерлік. Ол елдің — елдігі, ердің — ерлігі сынға түскен кезде қас қақпай жауына қарсы тұра білген, барап жерін, батар жүгін көре тұра, өзінен жұз есе күші басым дүшпанына қасқайыш қайрат көрсеткен хас батыр. Және, ол біз қалай қаласақ солай суреттей беретін, қиялдан қоса беретін баянының Қобылаңдысы да, Алпамысы да емес. Ол оқыған-тоқығаны, өмірден түйгені, көргені көп, алды-артын бажайлай алатын, көзі ашық, көнілі ояу күрескер. Мен бұл туралы талай рет жаздым да. Элі де айтарым сол. Амангелдінің

өмірін, күрескерлік қызметін зерттегі, бағалауда біржақтылық басым, үстіргіткігөр көп. Ниет адал, мақтау да жетіп жатыр. Бірақ, дәлдік, дәлеңділік сұйықтау. Мәсе-ленің осы жағына көніл бөлгейсіндер, – деген еді Габең мақаланы талқылай келіп. Габеңнің "әумиінің" алған бұл көлемді материал "Жұлдыз" жорналының сол жылғы қараша айындағы он бірінші санында жарияланды.

Шыныңда да, біз Амангелдіні толық таныш болдық па? Алған тәрбиесі, білімі қандай? Кезінде, тіпті, ұры-қары деген жала да жабылған. Мұның мәнісі қалай? Ол кімді қолданы, кімдердің мұн-мұқтажын жоқтады? Сөйтіп, өзінің азаматтық тұлғасын асқаралы Алатаудай биікке көтерген күрес жолына қалай түсті? Оның әлеуметтік-қоғамдық негіздері қандай? Не оқыған жүйелі білімі жоқ, өмірден түйгени таяз, әркімнің малын айдал кетіп, сай сағалап жүрген адам ел басына құн туған қиямет-қайым шақта топ жиып, соңына адам ертіп, мың сан қол бастап, қаһарынан қан тамғағ орыс патшасының жарлығына 1916 жылы қарсы шыға алар ма, оның бақайшағына дейін мұздай болып қаруланған жазалаушы отрядтарына тойтарыс бере қояр ма еді? Бұған ертеғінің батырларындағы жүрек пен білек қана емес, байсалды ақыл, терең білім, сол кезеңдегі соғыс өнерін жан-жақты менгерген жетік мамандық керек екені белгілі. Амангелді күштері салыстыруға болмайтын жаумен жекпе-жекті тамаша көреғендікпен, іскерлікпен үйимдастырып, ақыры тізе бүкпей, сол бас имеген қалың қалған жоқ па! Ендеше, бұл жеңіске қалай жетті, көтерілісті қалай бастап, қалай үйимдастырыды? Жанан даланы жаңтырып, бостаңдық туын көтеріген тұз қырандарының сыртқы дүниемен байланысы қандай болды? Осы қуресте батырдың алдына қойған мақсаты, көксеген арманы, қол жеткізген межесі қайсы? Айта берсек, жауабын әлі толық іаппаған мұндай сұрақтар көп. Бұл Амангелдінің өмірі мен күрескерлік қызметі қызықтыратын барлық адамдар сияқты мениң де толық жауап ала алмай, күдіктеніп жүрген жайларым. Бірақ, бұған қараң, халқымыздың ардақты үлі, ардагер батыры Амангелді Имановтың өмірі, оның күрескерлік қызметі елеусіз, зерттеусіз қалған екен деген пікір тумауы керек. Сонау отызынышы жылдардан бастап Қазақ ССР Фылым Академиясының тарихи-этнографиялық үш ғылыми экспедициясы Ұлытау, Жезқазған, Қарсақбай,

Торғай, Қостанай өңірлерін аралап, батырдың 1916 жылғы көтеріліске қатынасқан, көзі тірі қарулас серіктерімен кездессіп, қыруар материал жинап қайтты. Бір өкінішісі, патша үкіметіне қарсы бұқілхалықтық көтерілістің көптеген қырын ашып, оның көсемінің азаматтық тұлғасын айқындаі түсегін сол мол материал ғылыми конференциялар мен академия қеңестерінде қорытындыланумен ғана шектеліп, бұқара халықта жан-жақты жеткізілмей, насихатталмай, архив қорында қалып қойды. Рас, тарихшы Аяп Нұрқанов Торғайдың көтеріліс тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бірақ, көп нәрсе, Габен айтқандаі, дәлелді тұжырымын таппай, дүдәмал күйінде қалды. Ғалымдарымыз көп ретте публицистикалық сарындағы, мерекелік жалпылама мақтау түріндегі, бірін бірі қайталайтын шолу мақалалардан әрі асқан жоқ. Амангелді туралы пікірлерде нақты тұжырымдар тапшы. Тіпті, бәрін қойғанда, А. Имановтың 1973 жылғы 100 жасқа толу мерекесінің қарсаңында академик-жазушы F. Мұсіреповтің "Социалистік Қазақстан" газетінде жарияланған "Батырдың биік тұлғасы" деген көлемді мақаласынан соң ғана жалпы жұртшылыққа мәлім болған Амангелдінің "Шежіре-кітabyнын" тағдыры да сол дүдәмал күйінде қалды. Батырдың бізге қалдырыған шежіресі мен "Патшалардың һәм қазақтардың тарихы" деген аса құнды жазбаларын зерттең, анықтау үшін құрылған беделді ғылыми комиссияның "Бұл жазбалардың авторы – шын мәнісінде ешқандай шуббесіз Амангелді" деп тапқан тұжырымын ғылым тәнірекіндегі адамдар болмаса, жалпы жұртшылық біле бермейді. Комиссия қорытындысы жабық есіктің ішінде, жарияланбай қалды. F.Мұсіреповтің бұдан көп бұрын жарық көрген мақаласы болмаса, басқа ғалымдарымыз "Шежіре-кітап" туралы жұмған ауыздарын ашқан жоқ. Кезінде осы ғылыми комиссияға кірген академиктер: F.Мұсірепов, I.Кеңесбаев, Ә.Марғұлан, С.Бейсенбаев, А.Нұсіпбеков, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Б.Сүлейменов және С.Есова сияқты ғалымдарымыз көз жұмды. Осы комиссияның реcми, жазба тұжырымы бар ма? Егер жоқ болса, оны жұртқа жариялаш, дәлелдей, тұжырымдан беру көзі тірі агаларымыздың азаматтық борышы емес пе. Қысқасы, кімнің кім екенін анығына жетіп, ажыратып алу аса қажет болып тұрган қазіргі кезеңде халқымыз білікті ғалымдарымыздан Амангелді Иманов

туралы айғақты дәлелдерге сүйенген, азаматымыздың ақиқат тұлғасын танытатын байсалды тұжырымдар күтеді.

Галым А.Нұрқанов Амангелді Имановтың 1873 жылы 3 көкекте бұрынғы Торғай оязының Қайдауыл болысында дүниеге келгенін нақты анықтап берді. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Әкесі Үдербай шаруа баққан момын кісі екен, кейін батырдың дүшпандары сонысын мін санағ, әжептәуір тілге тиек еткен. Мұның есесіне атасы Иман Кенесары Қасымовтың құрмет тұтатын белгілі батырларының бірі болған, заманында ханнан “Көсем көк”, “Боз жорға” деген атақ алған кісі. Кенесарының ең жақын қылыш-кеңесші болып, қандай жаугершілікті қызын жағдай туса да, “Боз жорға” келмей бастауға болмайды деп хан қеңесін бастамай, Иман батырды құттіреді екен. Иман сегіз ұл болып өрбитін бегімбеттің қақайынан тарайтын тоғыздың бірі дулаттан туады. Ол да тоғыз ағайынды болған. Осы соңғы тоғыздың бесеуі – Тауық, Иман, Қөлбай, Қарауыл, Кейкі батыр болып, кейін “бес батырдың ауылы” атанған да, бегімбеттер бүкіл Терісбұтақ, Дұлығалы, Жыланшық бойындағы қыпшақтардың “ұялы тірегі, рұлы ордасына” айналған. Ал, Иман батыр бәйбішесінен туатын ұлken баласы Бердәлінің ауылын көшіріп, Кенесары-Наурызбаймен бірге қыргыз соғысына қатынасып, ұрыста ханмен бірге мерт болған. Қазір Алатаудың Ұзынагаш тұсындағы бір тармағы “Иман шоқысы” деп аталады. Ал оның баласы – Бердәлі үрпақтары осы Ұзынагашты мекендең қалған болуы керек. Амангелді өзінің “Шежіре-кітабында” дүйім бегімбетті бақайшақтап таратқанымен, өз әкесі Үдербаймен тұстас бауырлары Бердәлі үрпақтарын тізімге кіргізбеген. Өйткені, өздерінен бөлініп қалған туыстары туралы оның қолында дерек болмаған.

Иманның бәйбішесінен туатын екінші баласы Балықтың үйінде батыр әкесінің садағы, найзасы, айбалтасы, сапысы, шиті мылтығы т.б. қару-жарақтары керегенің басында ілулі тұрады екен. Ендеше, әр нәрсеге құштар, қагылез бала Амангелдінің батыр атасының сол жауынгерлік қаруларын көрген сайын арқаланып, көніліне өрлік, әжеттік үялап, жастайынан ерлікті, батырлықты көксеп өсуі сөзсіз. Ата даңқы енді ғана көзін ашып, ер жетіп келе жатқан жасөспірім түгілі бүкіл елге мағтаныш емес ше. Бірақ, кезінде бала Амангелдінің батыр атасы Иманға еліктең өскені

туралы пікір айтқан тарихшылар шектеулі, келте көзқарастың кесірінен қатал сынға алынып, таяқ жеді. "Хандықты көксеген" Кенесарының қанды көйлек серігі болған Иман мен халық батырының есімдерін шатастыру дұрыс емес деген келенсіз пікір немересін атасынан айырды. Тіпті атақты революционер, көрнекті мемлекет қайраткері Әліби Жангелдиннің Амангелді мен Торғайдағы 1916 жылғы көтеріліс туралы жазған естелік-мақаласындағы: "Амангелдінің атасы Иман өз заманында батыр атанып, езілген халықтың қажырлы қамқоры болған, әділдік жолындағы қүрестен қандай қызындық болса да қайтпаған адам. Иман қарттың өр бейнесі немересінің жүргегінде өшпес із қалдырыды. Сондықтан да ол өз есіміне атасының есімін қосып алғып, Иманов болып жазылды" деген жолдар кейінгі басылымдарда қысқартылып қалды. Шындығына келсек, сол кезде Амангелді таптық сезімі былай тұрсын, оң мен солын ажырататын жаста емес, Иманды көрмеген. Баланың билетіні атасының асқар таудай даңқыған. Оның үстіне орыс патшасына қарсы Кенесары Қасымов көтерілісін саяси-әлеуметтік жағынан, ұлттық-діни көзқарастан қолдаушылар аз да болған жоқ. Қаншама өлең-жыр, дастандар жазылыш, халық арасына тарады. Бұл қозғалыстың алдағы уақытта әділ бағасын алары да сөзсіз. Ал, Иман батыр қозғалысқа біреудің зорлығымен қосылған кісі емес.

А.Имановтың өмірі мен күресін алғашқы зерттеушілердің бірі, көрнекті ғалым С.Брайнин 1936 жылы Н.Тимофеевтің редакциялауымен жарық көрген "Амангелді Иманов" деген кітабында келтірілген "Батырдың әкесі 7 жасында, шешесі 13 жасында қайтыс болды" деген дерегінде елеулі қата жіберген. 1966 жылы Москвада жарық көрген "Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс" деген кітапта "ата-анасынан ерте айрылды" деп, бұл пікірді тарихшы Х.Тұрсынов та қолдайды. Дұрысында, әкесі Үдербай 1879 жылы Амангелді алты жасқа толғанда дүние салған, ал анасы Қалампыр баласынан көп кейін, оның жоқтау жырын айтып, 1926 жылы 78 жасында көз жұмының, қазіргі Амангелді ауданындағы Иманов атындағы совхоздың орталығы Үрпектегі зиаратқа жерленген. Біздің бұл болмашы дерекке көніл аударуымыздың өзіндік себебі де бар. Әкесі ерте қайтқан болашақ батыр еліне қадірлі, еркек басты, сөйлем кетсе тілге шешен, қажырлы анасының тәрбиесінде өсті. Көз көрген

замандастарының естеліктеріне қараганда, Қалампир қара торылау, етжеңді, ер тұлғалы, өр мінезді, өткір сөзді әйел болған. Үәделі еңбек ақысын ала алмаған соң ту байтальын мініш, бір қойын өңгеріп қашып кеткен бала Амангелдіден мал даулап келген Таутабай Байсақалұлына алмас пышақты ала үмттылып:

— Алса, баламның адап ақы, маңдай тері. Осыдан, құла байталға қолың тисін, мына қара пышақ не байтаңды, не сені жарады. Ноқталы басқа бір өлім, ауыртпалығын өстіп өзім-ақ қорейін. Малың болмаса, Таутабай, сенің басың менің баламның басынан қадірлі емес, — деп, ерге тән қимыл қорсететін Қалампир ғой бұл. Ол осындай өжеттігімен қоса білімді де болған. Қалампирдың шыққан тегі, өскен ортасы, төркін жұрты Ұлытау, Торғай өніріне білімдар-ғұламалығымен танымал болған әулет. Сары ишан әулеті ағанған ағалары Бірмәғамбет, Құлмағамбет ишаңдар Бұхарда оқып, арнайы діні білім алған. Құлмағамбет Арыстанұлы мешіт салдырып, кейін оның жаңынан медіресе ашқан. Әкесі Қақу Қалампирды осы медреседе оқытып, орта білім әперген. Бұл сол кезеңде әйел түгілі көп еркектің қолы жете бермейтін білім. Міне, осы көзі ашық, көнілі ояу, білімді әйел балаларын жастайынан сауаттылыққа баулып, тапқан-таянғанын молдаға тыққыштап жүріп, әжептәуір білім әперген. Амангелдінің 1881 жылы алғаш молдаға барып, мұсылманды төрг жыл оқып, жеткілікті дәрежеде білім алғаны тарихи әдебиетте толық дәлелденген нәрсе. Бұл туралы 1979 жылы "Жұлдыз" журналында жарияланған мақаламызда біз де біраз деректер келтірдік. Соңдықтан, бұл жолы мәселенің екінші қырына — А.Имановтың орысша білім дәрежесіне ой жүгіртсек дейміз.

Архив материалдарында Амангелдінің өз дәрежесінде әжептәуір орысша білім алғандығы туралы деректер жеткілікті. Ә.Марғұлан, Т.Елеуов, А.Нұрқанов басқарған ғылыми экспедицияларга берген естеліктерінде батырдың үзенгілес жолдастары Қайдауыл болысы Шашамбайдың Рахметімен өле-өлгенше айттысып, билік таразысын тең үстап өткен Иманның Балықтан туған немересі Көшімбектің ауылда ашқан орысша-қазақша мектебінің ұзақ жылдар бойы жұмыс істегені айттыған. Тіпті, 1899 жылы белгілі ағартушы Мыржақып Дулатов өзінің үстаздық тәжірибесін осы мектепте бастаған, орыс тілі, қазақ тілі мен әдебиетінен

сабақ берді деген де сөз бар. Ал, Мыржақып сияқты өз заманының ғұламасы сабақ берген мектеп онша осал болмаса керек. Көшімбек одан соң бірнеше татар мұғалімдерін үстаган. Кейін мектеп жұмысына Амангелдінің өзі де белсene араласып, орыс-қазақ мектебінің жұмысын жандандыра тұсқен. Осы жерде ғылыми экспедициялардың құрамында Торғай елінде бірнеше рет болып, жинаған аса бай материалдарының негізінде кандидаттық диссертация қорғаған А.Нұрқановтың мына бір дерегін келтіре кеткен артық емес: "Амангелді өз үйінен, кейінірек Терісбұтақтағы бегімбет ортасынан 4 бөлмелі мектеп салдырып, оған орысша оқу бітіріп шыққан Топашев Исабек деген жігітті 1908-1916 жылдары үзбестен оқытушылыққа үстады", — деп жазды. Бұл мектеп академик Марғұлан келтірген деректе Садуақас Ысқақов деген кісінің айтуы бойнынша алғы бөлмелі болған. Бірақ, ғалым осындағы аса құнды магұлматты бізге жеткізгенімен, Көшімбек – Амангелді аштырған мектеп туралы оның замандастарының естеліктеріне ғана сүйеніп, ауызекі әңгімeden әрі аспай, айғақты деректеме келтіре алмайды. Біз осыдан біраз бұрын, 70-жылдардың орта түсінде Қазақ ССР орталық мемлекеттік архивінен аса құнды құжат тапқан едік. Ол Бектепберген Үдербайұлының (Амангелдінің туған ағасының) дуанға жазған арызы. Арыз сол кездегі статистикалық материалдардың арасына түсіп кеткен де, ғалымдардың назарынан тыс қалған. Енді сол жазбаша деректі тағы да бір рет келтіре кетелік:

*"Осы жылы біздің 3 ауылдың народный судиялық лауда-зымдагы сайланған айнабақ ағасы Көшімбек Балықұғылы деген бас адамның қолында балаларын оқытып, білім білдірмек үшін үстап тұрган ауылының школы бар еgi. Содан құдай бір сәт тіл үйренсін деп балаларымызды оқытып жүрген егік. Сол школадағы учителімізді азғырып, штат хақында арыз жазып бер деп, көпіл әзәзілдік қылып, балаларымызға мезгілімен сабақ бергізбейді. Енді, тақсыр, сізден алдияр өтіп өтінетінім, осы атапмыш сөзіміздің жобасында актысы бар бұзықтарға нағамызға тиісті біз хабар айтудымыздан бір өтініш. Көптен көп өтініп гарыз берген осы нөмір 3-інші ауыл қазағы дарнай пысық Мастақұғылы жазар білмеген үшін Бектепберген Үдербайұлы қолым қойдым.*

1901-інші жылы 25-інші ноябрь" (ЦГА Каз ССР. Ф.и.-25, оп. 5г. 425л. 17 об.).

Міне, дерек Арызда мектептің балалары "тіл үйренсін" деп ашқан "школ" екені анық айттылған. Екіншіден, ол жаңадан ашылмаған, учителі ауыл адамдарына әбден танымал болып, араласып кеткен, бұрыннан "ұстап тұрган" мектеп. Үшіншіден, онда Көшімбек өз балаларын ғана емес, бүкіл ауыл "балаларын оқытқан". Ұлы агартушы Ы.Алтынсарин Торғай өнірінде орысша-қазақша білім беретін мектептер мен қолөнер училищелерін аша бастаған алғашқы жылдары болмағанымен, кәнілі жүйрік, замана ағысымен таныс Көшімбектің бұл мектепті бұдан бес, он, он бес жыл бұрын ашуы әбден ықтимал болған. Бұл мерзім Амангелдінің жастық шағына тап келеді. Осы мектепті тәмамдаған інілері Есентай мен Сейітқасым білімдерін Торғайдары екі кластық мектепте жалғастырып, орыс тілін жап-жақсы меңгеріп шыққан. Өзінен екі-үш жас қана кіші Есентай орысша білім алғанда, одан әлдеқайда алғыр да зерек, әр нәрсеге үйрек Амангелді бұл оқудан тыс қалды дей алмаймыз. Біздің бұл шікірімізді "Амангелді орысша жақсы білетін" деген замандастарының естеліктегі де қуаттай түседі. Біз "Шежірекітапты" оқу үстінде оның географиядан, астрономиядан, праводан, тарихтан, социологиядан, қоғамтанудан, математикадан, әдебиегтен, грамматикадан әжептәуір білімі бар автордың қолынан шыққан дүние екеніне көз жеткіздік.

Ал, бұл мектептеген басқа Амангелдінің білімін көтеріш, орыс тілін үйренетін мүмкіндігі болды ма? Осы жерде Ғабенін тағы да бір ұлағатты сөзі ойға оралады. "Көзі ашық, көкірегі ояу, ойы үшқыр, табиғатында алғыр адам үшін көп оқудың қажеті жоқ. Сендер мақтаңды демендер, мына мен 1908 жылдан бастап ауылдағы молдада үш жыл оқыдым. Арнайы алған бар сауатым осы. Құдайға шүкір, қазір ғылым академигі болыш отырмыз. Амангелді де солай, сауат ашып, тіл ұстартын алған соң, білімін өзінше жетілдірген, өз замандастарынан әлдеқайда озық ойлы азамат дәрежесіне көтерілген" деген еді. Шынында да, батыр атамыздың өмір жолына байланысты архив материалдарын зерттей келе оның оқығанынан тоқығаны көп, тағдырмен тайталаста, аласапыран күрес үстінде осіп, ірі саяси тұлғага айналғанын көреміз. Дүшпандары неше тұрлі қисынсыз жала жауып, патша чиновниктері мен дуан басшыларының көз алдында "сұық жүрісті" адам санаған

Амангелді елден ертерек ығысып, бой тасалап, Қарсақбай, Байқоңыр, Алтынжар кеніштеріне барды. Сондағы орыс жұмысшыларымен араласып, тамыр-тәнисстық қатынаста болды. Қаншама рет түрмеде отырды. 1908 жылғы Торғай жәрменкесіндегі қанды оқиғадан соң нахақтан айылты сана-лып, түрмеге қамалған Амангелді ауылға:

“Бас қостық тар қапаста орыс-қазақ,  
Жатырмыз қандаладан тартып азап.  
Біз бұзып темір торлы терезені

Шығатындаидай күзетші қойды қадап...” — деги, өлең-мен хат жазды. Батырдың түрмеден жолдаған бұл өлеңі Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография институтының архивінде сақтаулы. Амангелдінің көтеріліс кезіндегі үзенгі жолдасы Кішібай Байділов деген кісі: “Орыс тілін артық үйренуі абақтыда жатқан кезінен бері қарай. Бері келе оны молайта түсті. Сөйтіп, Амангелді орысша недәүір сөйлейтін дәрежеге жетті және жан-жақты жаза да білетін еді”, — деги нақтылай түседі. Таң сол кезеңде онымен түрмеде бірге жатқан орыстардың бері “қазақшага судай еді” дей алмаймыз. Өйткені, олардың көпшілігі тентектігінен, немесе, ұры-қарылығынан қамалған жергілікті орыстар емес, саяси көзқарастарының “терістігінен” жер ауып келген “сенімсіз” адамдар, солардың ішінде үкіметке құдіктілері болатын. Амангелді хатының:

“Патша мен қазақ байы бір тілеуде,  
Көрсеткен зәбір, зорлық еңбекші елге.  
Бәйгеге басты тігу халық үшін

Зор мақсат елін ойлап туған ерге...” — деген жолдары сол түрмедегі “сенімсіз адамдардың” саяси әнгімелерінің ықпалы екені даусыз.

“...Торғай облысының соғыс губернаторы 1896 жылы ояз бастықтарына құпия нұсқау таратып, Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай ояздарында 41 “сенімсіз адамның барлығын” және Верныйда туып-өскен, 1887-1892 жылдары Қазанда оқып шыққан бетінде Самараада қызмет істеп жүріп, “сенімсіздік” білдірілген П.В.Добровольскийдің 1894 жылы шеткі Торғай қаласына жіберілгендігін хабарландырып, сол “сенімсіз” адамдардың жергілікті жерлерде кімдермен байланысын, не істеп жүргендерін үздіксіз бақылауды және өзіне үнемі хабарлап отыруды Торғай оязы бастығына ерекше тапсырган. Бұл жағдайларды Амангел-

Дінің білуі де, қалды Торғай қаласына жер аударылып келген "сенімсіз" адамдармен 1896 жылы түрмеде бірге отыруы да мүмкін" деп жазған А.Нұрқанов пікірі өте орынды. Егер беріректегі деректерге сүйенсек, 1915 жылдың ақырында Торғай облысына жер аударылып 2609 "сенімсіз" адам келген. Ендеше, Амангелді түрмеде тіл үйреніп қана қоймай, сонымен қатар, оның қанаушы таң туралы түсінігі кеңейіп, саяси көзқарасы жетіле түскен. Ең ақырында, 1914 жылы нахақтан сотталған жолдастарының ісін қуып Петербургқа барғанда жаңына елдеңі жолдасы Досан Карабаевты ғана ертіп, тілмәш алмаған. Сол жолы, "Батырдың биік тұлғасы" деген мақаласында Ф.Мұсірепов жазғандай, Амангелдінің бүкіл орыс "патшаларының тарихын әлдеқандай бір кітаптан аударып алғаны даусыз". Габен осы мақаласында, сөз арасында, және бір деректі келтіре кетеді. Ол "Амангелді" фильмінің киносценарийін жазу үстінде 1936 жылы Бейімбет Майлин екеуі Батшаққараға (қазіргі Амангелді ауданына – Т.Р.) барып, батырмен үзенгі жолдас болдым деген кісілермен әңгімелескенде көбісінің жарығын ештеңе айта алмағандарына реніш білдіре отырып, бір кісінің: "Амангелді бүйрықтарын орысща жазатын" деген сөзін келтіреді. Шынында да, бізге Имановтың Торғай ояздық соғыс комиссары ретінде қол қойған орыс тіліндегі 4-5 құжаты жетті. Рас, оларды Веденеев сияқты хатшылары әзірлеуі де мүмкін. Бірақ, Амангелді өзі қол қойған құжаттардың мазмұнымен таныспай ма? Ол кездегі қайраткерлердің жауапкершілігі Елтай Ерназаровшылауды көтермесе керек.

Амангелді Имановтың саяси-әлеуметтік көзқарасын то-лық танып-білу үшін оның осы курес жолына қалай түскенін екшеп, саралап алуын маңызы зор. Өйткені, ол дуан ба-сылары үшін "сүйиқ жүрісті" адам атанип, дүшпандарының даттауымен "қарақшы" айдары тағылған кісі. Сол өсекаяң қалай туды, елдегі әлеуметтік теңсіздікпен жеке курес бастаған балаң жігіт 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі дәрежесіне қалай көтерілді, оның күрескерлік санасты қалай оянып, қалай шындалды?

Төңкөрішіл батыр, қызыл комиссар тақыр кедейден ғана шығуы керек деген нұсқаумен тарихшыларымыз Иман әулетінің тұрмысын тым сүмірейтіңкіреп жібергені белгілі. Әйтпесе, Кенесарының бас батырларының бірі болған

кісінің қара суға қарап отыруы онша шындыққа келе қоймайтын нәрсе. Оның үстіне Көшімбек сияқты "ауыздыға сөз, аяқтыға жол бере қоймайтын" билері ортасында тағы бар. Амангелді ат жалын тартып мініп, өз қолы ауызына жете бастасымен-ақ өңкей көкжал, қара білек жігіті көп бұл ауылға батылы барып, базыналық жасай қоятындар шыға қоймаганы ақиқат. Өзінің белгілі "Шежіре – кітабында": "1915 жылы 13 марта 80 ірі қой, 39 бойдақ, 21 ешкі, жамғысы төлден басқа 140 болды" деп жазуына қарағанда оның онша желісі қураған кедей болмағанын көреміз. Ол күнделікті өзгеріп тұратын сойыс малының есебін тіркеген де, жылқы, сиыр, түйе жағын жазбаған. Әйтпесе, азаматы бар әр үйдің ең кемі бір ат ұстағаны сөзсіз гой. Бұл пікірді Амангелді "Торғай елінің тұрмысында орта шаруа адам" деп, Ғабең ағамыз да қолдайды.

Дегенмен, Иман батыр дүние салған соң басшысынан айрылған, азаматтары әлі жас бұл ауылға жуан сінір, даулетті бай, болыстардың көз аларта бастағанын да теріске шығаруға болмайды. Соның салдарынан да әлі бұғанасы қатып, буыны бекімеген Амангелді 14 жасында Таутабай байға жалданып, ағасы Бектешберген Алтынжарға барып кен қазған. Бір жылғы ақадал еңбегінің ақысын ала алмай, бір байталын мініп, бір қойын өңгеріп қашқан Амангелдіні бай "бала қарақшы" атандырады. Бұл аз болғандай, қаз Түркебай тұқымынан қысым көрген Балық өзіне қараған берімбет, шымболат аталарының кедейлерін басғап, ата қоныстарынан қол үзіп, "Күйеу сай" атанған қырдағы Терісбұтақ бойына ығысуға мәжбүр болған. Бұл Торғай, Жыланшық өзендерінің бойларынан қашық, жері сортан, сұы тапшы, түпкілікті қонысқа жайсыз, қу дала болатын. Бегімбеттер мен шымболаттар өздерінің көз жазып қалған ата қонысы – Торғай өзенінің алқабындағы Догал мен Қаратартпаға Амангелді атқа мініп, біреу құрметтесе, біреу қаймығатын болған соң ғана, 1903 жылды қайта көшіп келген.

Қalamпырдың апасына үйленген жездесі, алтыбас қышашақ арасынан шыққан Ораз дейтін бай қолғанат қылайын деп қолқа салған соң анасы Амангелдіні соған ертіп жібереді. Бірақ, қағылез баланы қолына түсіріп алған бай оны "тұган баламдай көріп ұстаймын" деген уәдесінен тайып, қой күзеттіріш қояды. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Амангелді Ораздың бір атын мініп, бір атын жетектеп қашып

кетеді. Ақыры бай малын қайтара алмай, арыз тоғытып, Амангелдіні "кереге" тұтқын етіп, ас-су татырмай, аяқ-қолын кісендер, бірнеше күн ұстайды. Дегенмен, ретін тауып, бала одан қашып құтылады.

Сейтің, жастайынан әлеуметтік тенсіздіктің аңы дәмін татып, құғын-сүргінді көп көрген Амангелді ерте есейіп, атқа ерте мінеді де, енді сол өзі қорлық көрген ауқатты адамдардан кек қайтару қамына кіріседі. Ол осы бағытта, әсіреле, тоқсаныншы жылдарда белсene қымыл көрсеткен. Бұл бастарында мәртебе, қолдарында күші бар бай-болыстардан құғын көріп, тартысып тенден, айтысып билік ала алмайтын әлсіз тоғтан шыққан жеке-дара, жүрегінде оты, білегінде қуаты бар, намыс қуған қазақ батырларының сол замандағы тапқан бірден бір жолы еді. Сол жолға Амангелдінің де соқпай өтуі таң өзі өмір сүрген әлеуметтік жағдайда мүмкін емес-тін. Қазақтың кек қуған өзіне дейінгі батырлары сияқты ол да бай-болыстарға аш бөрідей тиген, бірақ өзіне залалы жоқ өнгө жүртқа жанашырлық жасап, ретті жерінде оларды қорғац жүрген.

Заманында үш мың жылқы айдаپ, Торғай өнірінің аса ірі байы атанған Бектас 1895 жылдың жазында жігіттерін жұмысап, бегімбет кедейлеріне тиесілі бүкіл Төрткөл алқабының шебін шапттырмақ болады. Амангелді өз тобымен бұларға қарсы шығып, ақыры оларды кейін қайтарады. Осыдан екі жыл өткен соң Мырзабай деген бай жылқысын қаптатып, шымболаттардың егінін жапырып кетеді. Амангелді дауласып тенден, ала алмаган әлсіздер жағына шығып, ақыры олардың астығының құнын өндіртіп береді. Сол жылы Тоғызбай Таңқанұлы деген бай бір кездегі өзінің жалшысы, Қонысбай Атағожаұлының "Бәйге көк" деген жалғыз атын тартып әкетеді. Амангелді бір тоң жігіттен тал түсте бай ауылына келіп, Қонысбайдың атын қайтарады. Сөйтіп, әділдік жолындағы күрестің алғашқы кезеңінде-ақ А.Имановтың өзінен гөрі көгітің мүддесін көбірек көздеп, нашарлар кегін қуғанын көреміз. Шамалыға дес бермей, "айттым – алдым, айдадым – әкеттім" деген жүрген жуандардың таң осында жағдайда, "жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты" дегендей, қылмысты қолдарына ұрып, өрістерін тарылта бастаган адамға өштесуі заңды нәрсе еді. Ақыры, олар кісі өлтірді деген жала жауып, Амангелдіні түрмеге қаматтиақ болады. Осыны алдын

ала сезген Амангелді 1895 жылы Терісбұтақтан кетіп, Есіл өзенінің бойын жайлаған арғын, найман жүртүна барып паналайды, кейін Үргызыдағы жаппастарға бой тасалайды. Быраз уақыт өткен соң жасырын түрде Торғайға келіп, достары Х.Текин, О.Тынымов арқылы Николай Токаревпен және Иван Денисовпен танысады. Осында күтпеген жерден полицияның қолына түседі де, екі жыл түрмеде отыруға кесіліп, кейін әлгі азаматтардың көмегімен кінәсіз екендігі дәлелденіп, көп ұзамай босанып шығады.

Амангелдінің біз жоғарыда үзінді келтірген өлең-хатындағы: "Патша мен қазақ байы бір тілеуде..." деген жолдады осы кезеңге саяды. Түрмеде патша үкіметі "сенімсіз" дең айдар таққан адамдармен танысып, саяси білімін әжептәуір көтерген Амангелді енді түпкілікті жаулардың кім екенін, олардың саяси-әлеуметтік, экономикалық түп тамырларын айқын ажыратып, қалған уақытта "халық үшін басты бәйтеге тігуді" өзіне негізгі мақсат етіп қояды.

Бұл кезде халықты әбден басынып, тізгісіз кеткен ел жуандары Амангелдінің сыртта жүрген, түрмеде отырған уақытын пайдаланып, қорғансыз елге ойна келген қорлықтарын көрсеткен еді. Олар, тіпті, жарлы-жақыбайлардың жайылымдық, шабындық жерлерін тартып алу былай тұрсын, енді кісі өлтіруге дейін барған. Он алтыншы жылғы көтерілісте мыңбасы болған, батырдың үзенгілес жолдасы Ақмолда Нұрғамысов 1943 жылы Ә.Марғұлан бастаған ғылыми экспедицияға берген сөзінде байлардың "батырдың мал-мұлқін талап, үйін өртеп жібергенін" айтады. Бұл, әрине, жан шыдайтын қорлық емес.

Осы тұста тарихшы А.Нұрқанов зерттеулерінде кездесетін тағы да бір деректі келтіре кеткен жөн. Тілеулі қыпшақтан шыққан Қылдыбай Тоқтыбайұлы деген бай Торғай еліне "кірме", кіші жұз жаппас руының адамы Смағұл Жайлышбайұлы деген кісіні 1903 жылы мойнына арқан салып, атқа сүйретіп, азаптап өлтіреді. Амангелді өзіне жылап келген Смағұлдың екі туысқанына еріп, бір тоң жігітпен Қылдыбай ауылына барады. "Әй Амангелді, түбіміз бір тілеулі-бегімбет едік, сенің айдаладағы қаңғырып жүрген жапастың жырын жырлап келгенің қалай?" – деген болысқа Амангелді: "Әй Рахмет, мениң дүшіланым – кім өктем күш қолданып, жауыздық істесе – сол. Мен кім жыласа – соның жағындамын. Мениң жоқтайтыным жапастың ары

емес, жазықсыз өлтірілген кедейдің өлімі..." дейді. Бұл галымның ойдан шыгарған сөздері деп айта алмаймыз. Өйткені, Амангелдінің жаппастардың жоғын жоқтап, ата-ластарына қарсы дауға отырының өзі-ақ көп нәрсені айғақтап береді. Осыған қа-рап, батырдың енді өз кегі, ата, ру на мысының шегінен әрі асып, бүкіл ел қамын ойлап, тек әділдік жолына түскенін көреміз. Осыған орай, біз жоғарыда атаған А. Нұрғамысовтың тағы да бір пікіріне жүргінуге тұра келеді. "Амангелді Сұтемген, Шашанбай, Бектас тұқымымен айқаса жүріп, жігіттердің басын қосып, мәжілістер өткізетін. Оның бұл сияқты жиындары тек қана жиналыс емес, ол бай мен болыстарға қарсы қыр көрсеткен, зор саяси маңызы бар, тап құресінің бір түрі еді", – дейді. Жаны бар сөз. Амангелді ендігі уақытта ел жуандарына қарсы жалғыз құресуге болмайтынын түсінген. Сондықтан, топ жиып, ниеттестерінің басын қосып, өз қызметіне әжептөүір үйімдышқ қипат бере бастаған. Өйткені, байлардың өздері де Амангелдіге әлдері келмеген соң енді арыз-жаланы сырттан үйімдастыруға көшкен гой. Осы тұста он алтыншы жылғы көтерілістің тағы да бір белсенді басшысы, мыңбасы Элжан Қарабаевтың 1936 жылы F.Мұсіреповке айтқан мына бір әңгімесі еске түседі. Габен оның: "Бай ағамыз (Рахмет Шашанбайұлын айтады – Т.Р.) түу-түу Көкшетау оязында үры ұстайтын байлармен қолдас болатын. Сол қолдастарының арызымен Амангелдіні Көкшетау оязына екі рет сотқа тартқызығаны бар" деген естелігін келтіреді. Шыныңда да осындей жала жабылып, "Көкшетау үйеzi Ногайский болысының 2-ауылының қазағы Садуақас Сатыбалдыұғылының 1908 жылғы 25 үйінде 3 әгіз ұғырлады деп 1910 жылды 25 марта беріген гарызы бойынша барып, Кривоозерный, қазақша Саумалкөл (қазіргі Володаровка – Т.Р.) содиясының ғұзырында айттысып, Садуақас Сатыбалдыұғылын жығып" құтылғанын, "және 1909 жылды 22 үйінде Саумалкөл содиясының алдында Қараменде Тақайұғылының дауынан құтылғанын" батырдың өзі де "Шежіре-кітабында" ап-айқын етіп жазып кеткен. Бұл өзін өзі қорғай алатын, сөзі де, білімі де жеткілікті Амангелдінің қимылы. Ол бұдан былайғы уақытта елдегі ауыр тұрмыс пен әлеуметтік әділетсіздіктің негізгі айыпкері деп танып, үкіметтің өзіне қарсылық көрсете бастайды. Сөйтіп, жаңа ғасырдың алғашқы жылдарынан А.Имановтың енді саяси курескерлік

қызыметі бой көрсете бастайтын сияқты. Тор-ғайдада Совет әкіметін орнатуға белсене қатынасқан белгілі большевик Қ.Қойдосовтың айтуынша Н.Токарев пен осында жер ауып келген Қазан университетінің студенті, кейін Торғай советтерінің тұнғыш тәрағасы болған Оразғали Асауов осы жылдары дуанды саяси білім көтеру үйірмесін үйімдастырган. Үйірме жұмысына алғашқыда 17 адам тартылып, Николай және Алексей Токаревтер, Омар Тынысов, Хакімбек Төкин, Әбдірахман Иманқұлов, Қанапия Қойдосовпен бірге Амангелді Иманов та мүшіе болған. Олар Қатира деген әйелдің үйінде бас қосып, әртүрлі саяси тақырыптарда әңгіме еткізіп, Орталық Россиядағы оқиғалардан тұрақты хабар алып отырган, Орынбор большевиктерімен байланыс орнатқан. Амангелдінің 1908 жылы:

"Бәйгеге басты тігү халық үшін,

Зор мақсат елін ойлап тұған ерге ..." – дегін тегін емес. Бұл саяси бағытын анықтаған, күрес жолын белгілеп алған адамның сөзі. Сондықтан да ол 1905 жылы Ақкүм және Қараторғай балыстарының кедейлерін бастап үкімет салығын төлеуден бас тартады, онымен шектелмей, ояз бастығы Р.Г. Гарфтың көмекшісіне қарсы күш жұмсайды. Ал, 1906 жылы бегіметтер мен шымболаттарға, Қосайға тиесілі Жыланшық, Сорбұлақ және Төрткөл алқаптарындағы шабындық жерлердің шебін шауып алмақ болған Рахмет Шашанбайұлы, Бірәлі мен Сейіткерей Бектасұлданың зорлықтарына қарсы күш қолданғаны үшін ояз бастығы Амангелді бастаған 9 адамды айыпты деп тауыш, арнайы полиция нөкерлерін жіберіп, тұтқындамақ болады. Бірақ, азаматтарын халық қолдайды да, полиция ауылнай-ларға батырдың әр қадамын қадағалаң отыруды тапсырып, оның 25 шақырым жерден әрі шығуына тыйым салады. Амангелді бұдан кейін 1908 жылғы Торғай жәрмен-кесінде, 1913 жылы Ұлытаудағы жәрменкеде қарулы полиция отрядтарымен қақтығысып қалады. Ол осы жанжалдар үшін жауапқа тартпақ болған үкімет орындарына дес бермей, істін аяғы ақыры 1916 жылға ұласады. Ал 1914 жылғы Петербург сапары А.Иманов үшін оның саяси көзін ашып, көп нәрсені тануына мүмкіндік берген ерекше оқиға болғаны сөзсіз. Ол бұл сапарында ақ патшадан, оның үкіметінен біржолата күдер үзіп қайтты. Сөйтіп, Амангелді Иманов

1916 жылғы патша жарлығына байланысты тұған бүкілхалықтық көтеріліске осында тайғақ кешуі көп, күрделі курес жолынан өтіп келген еді.

Амангелді батырдың азamatтық тұлғасы, құрескерлік мақсаты, қолбасшылық қызметі осы көтерілістің ұйымдастырылу, туу және өту барысында айқын көрінді. Торғай қазақтарының он алтыншы жылғы қозғалысы тарихи әдебиетте бүкілхалықтық ұлт-азаттық көтеріліс деген заңды да әділ бағасын алғанымен, Амангелді өмірі мен қызметінің осы кезеңінде әлі де болса толық басын ашпаған мәселер жоқ емес. Бірқатар тарихшылар 1916 жылғы оқиғаларды стихиялы түрде, аяқ астынан тұған халық қозғалысы деп дәлелдемек болды. Бұл — көтеріліс саналы сипат ала алмады, оның нақты бағдарламасы, ұйымдық бағыттаушы негіздері болмады деген сөз. Рас, Қазақстанның кейбір жерлерінде Ресей патшасы жарлығына байланысты қозғалыстың жай наразылық түрінде, жүйесіз өтуі де мүмкін. Ондай қарсылықтар соңдықтан да ұзаққа созылмай, ешқандай жазалаушы отрядсыз-ақ, өзінен өзі басылып, елеусіз қалғаны белгілі. Ал, Торғай өлкесіндең қимылдарды мұндай жеңілжелпі, жоспар-жосықсыз, шулаған тобырдың әрекетіне жатқызуға, әсте, болмайды.

Біз жоғарыда 1916 жылғы Торғайдагы ұлт-азаттық көтерілісінің ержүрек көсемі А.Имановтың зорлық-зомбылық етек алған заманда бастан кешкен қынышылықтары мен курес үстіндегі саналы өсу жолын өзімізше дәлелдеген болдық. Шын мәнісінде, Ресейдегі әбден ірін-шіріп, күні біткен патшалық билікке қарсы аларап күштің дүмпуі Торғайға да жетіп қалған еді. Патша жарлығы лап әткелі түрган өрттін тұтандуына, халық қолындағы кекке толы қайраулы қылыштың қынынан суырылуына ғана себеп болды. Торғайдагы он алтыншы жылғы көтерілісті ұйымдастырушы хандар Әбдіғапар Жанбосынов та, Оспан Шолақов та емес, тіпті дуандагы әлі большевиктер партиясына өсе қоймаган саяси топ та емес, Амангелді Иманов екендігі тарихи әдебиетте басы ашылған нәрсе. Дегенмен, оны әлі де анықтап, көз жеткізе түсетін, жалпылама жүргішілікта онша мәлім емес бірер мысалмен дәлелдей кетелік.

Жоғарыда біз атаған "Батырдың биік тұлғасы" деген мақаласында жазушы Ф.Мұсіренов 1916 жылғы Торғай көтерілісінде мынбасы болған Әлжан Қарабаевтың естелігін

береді. Әлжекен жазушыға Амангелдінің өзін ақылдасуға арнайы іздеп келіп, түн ішінде ауыл сыртында отырып айтқан сөздерін жеткізген:

"...Мен екі болыс елді аралап, зарлап жылаған жұртты көріп келе жатырмын. Майдан жұмысына алынатындар өңкей тақыр кедей сорлылар. Қатын, бала-шағаның шулап жылағанына адамның жаңы төзөр емес. Болыс-бiler кедей балаларын мұрнынан тізіп жатыр. Өздерінен бір адам беретін емес. Барлық істі құдайға тапсырып отыра берсек, құдай төбенен ұратын сияқты... Қол жинап, патшага қарсы көтеріліс жасау керек. Осыны ақылдасқалы келдім. Біраз көзі ашық жігіттер осыны мақұл көрді, — деді Амангелді". Амангелді тап осылайша Әлжанға дейін де біраз адаммен ақылдасып, біраз ниеттестерін ақ патшага қарсы көтерілуге үтіттеген. Ол бұл ойын алдымен өз руластары, кейін көтерілістің басты ошағы, негізгі қарулы құші болған бегімбеттер (жазалаушы отрядпен согыста бар ауыртпалақты көтеріп, қолдарына мылтық ұстаган мергендер осы бегімбет жігіттерінен құрылған — Т.Р.) арасына салып, талқылап алады. Ақмолда Нұргамысовтың айтуына қарағанда, Амангелді шілденің бас кезінде-ақ (патшә жарлығы маусымда шықтығой) Терісбұтақтағы Алтынбай деген кісінің үйінде бегімбет руы адамдарының басын қосып, алғашқы жиналысын өткізген. Бұдан соң осы айдың ақырына қарай Жыланшық бойындағы Бердікей мешітінде Аққұм, Қайдауыл болыстарының қышишақтары бас қосып, Амангелді Иманов, Әлжан Қарабаев, Кәрбоз Қабақов сөз сөйледі. Осы жиында олар: "19 бен 31-дің арасындағы жастар үшін малжанымызды аямаймыз, қазан-ошақты ортаға салып, бар күшімізben жауға қарсы белсене шығамыз" — деп ант береді (Қазақ ССР FA Тарих, археология және этнография институтының архиві. 1943 жылғы Ә.Марғұлан экспедициясының материалдары).

Көп ұзамай, қыркүйек айында Қайдауыл болысының Майдамтал деген жерінде бүкіл Торғай оязы болыстарының өкілдері қатынасқан жиналыста патша жарлығына қарсы шыққан халық атынан ұндеу-хат қабылданды. Осы жиналыстың үйғарымымен Атбасарға, Есілге, Қекшетауға, Ырғызыға, Торғай аргындарына, Қостанайға, Қарсақбайға, Байқоңырға арнайы адамдар жіберіліп, жақындағы Сарыторғай, Қараторғай, Көртогай, Жалдама, Қызылжынғылға

үгітші-насихатшылар кісі үйымдастыруға аттанды. Көршілес Ыргыздан өкіл келген. Көкшетаудан бұл жиынға 30 адам қатынасқан. Атбасардан Э.Майқетов, Қостанайдан Е.Сералин хат жолдап, көтеріліске шығатын халықты қолдайтындықтарын, мүмкіндігінше көмек үйымдастыратындықтарын білдірген. Қарсақбай, Байқоңырдан 200-ден астам жұмысшы жеткен. Олар азық-түлік, құрал-сайман, қару жарақ ала келді. Торғай қаласынан ағайынды Токаревтер, Иван Денисов қатынасқан. Бұл үйымдастыру жиналысы анау-мынау емес, 7 күнге созылды. Осы жиналыста мыңбасылардан құралған соғыс ғұламасының бастығы – сардарбегіне А.Иманов ұсынылды, оның орынбасары – сарғаскер болып Үмен Мұсабаев бекітілді. Олардың үш хатшысы белгіленді. Әр болыстан бір мыңбасы, одан әрі жұзбасылар, онбасылар тағайындалатын болды. Осы тұста Қайдауыл болысы дуан басына: "Маған сеніп тапсырылған болыс тұратын едеп көтеріліске қосылған қазақтардың ішіндегі №3 ауылдың барлық қазақтары (кейбір жеке адамдардан басқасы) түгел қарулаңын, аты әйгіл Үдербайұлының бастауымен соның сонына ерді, соңғы кезде... ол көтеріліске аттанған барлық қазақтардың бас қолбасшысы болып тағайындалыпты", – деп хабарлады ("Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс". М., 1960, 618-б.). Батпаққара қышишақтары бұдан кейін қазан айының бас кезінде Досан қопасында бас қосып, мәмілеге келіп алады да, осы айдың ақырына қарай Бөпенің қара сүйнде 6 болыс аргын, 6 болыс қылшак, 1 болыс найман жұртының адамдары қатынасқан ұлы жиын өткізеді. Оған 15 мыңға тарта адам жиналған. Бұл айналдырған үш айдың ішіндегі үйымдастыру жұмыстарының нәтижесі еді. Осы жиында негізгі әңгіме екі мәселе төнірегінде өрбіді: 1) Көтеріліске шықкан халықты әкімшілік жағынан басқару, сарбаздарға қажетті азық-түлік, күш-көлік, қару-жарақ үйымдастыру, әскер басқармасын құру; 2) Көтерілісті Торғай қаласына шабуылдан бастау және оның әскери әдіс-айласын белгілеу. Жиын қорыттындысында Амангелді бірауыздан сарбазбегі болып бекітіліп, мыңбасы, жұзбасы, онбасылар нақтыланды. Бұлардың сыртында хан, оның хатшылары, жалаңқылыштар, елбегілер, билер, хан атасы, тубегі, қазаншы-жасақшылар, пошташылар белгіленді. Сөйтіп, қазан айының ақырында әрқайсысының сар-